

"Занды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 17 тамыздағы № 89 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 928 қаулысы. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 26 сәуірде № 177-17 болып тіркелді

Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Занды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту туралы" Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 17 тамыздағы № 89 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4711 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыны Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы әкімінің

міндеттін уақытша атқарушы

M. Исахов

Шымкент қаласы әкімдігінің

2023 жылғы "18" сәуірдегі

№ 928 қаулысына

қосымша

Шымкент қаласы әкімдігінің

2018 жылғы "17" тамыздағы

№ 89 қаулысына

қосымша

Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының "Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны үсіннатын қызмет үшін тариф мөлшері

атауы	Олшем бірлігі	Пайдалану уақыты	Тариф мөлшері, тенге
Тамашалау алаңдарын ұсыну (экспозициялық аймак)	1	1 күн	800

Ескерту:

Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер басқармасының "Шымкент мемлекеттік зоологиялық саябағы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ұсынатын қызметі үшін келесі женілдіктер қарастырылады:

зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамға, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, еңбек ардагерлеріне, мектеп жасына дейінгі балаларға (6 жасқа дейінгі) – тегін;

мектеп жасындағы балаларға (6 жастан 17 жасқа дейін) - 50%;

күндізгі маусымдағы студенттерге – 25%.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК